

"Тұлпар Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорны туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 17 сәуір N 2206

"Тұлпар Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорнына қатысушы: "Поиск", "Тұлпар" мемлекеттік холдинг компанияларының және мақсаты Қазақстан Республикасының мүддесіне сәйкес келетін "Ақтөбемұнай" акционерлік қоғамы мен "Мобил Ойл Тұлпар Инк" компаниясының қызметін қамтамасыз ету және құқықтарына кепілдік беру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Поиск", "Тұлпар" мемлекеттік холдинг компаниялары, "Ақтөбемұнай" акционерлік қоғамы және "Мобил Ойл Тұлпар Инк" компаниясы арасында "Тұлпар Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорнын құру мен оның қызметі туралы және Батыс Қазақстан мен Ақтөбе облыстарындағы Тұлпар блогы үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Тұлпар - Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорнының арасындағы Көмірсутегін барлау мен өндіруге арналған контракт шарттары бойынша ұсыныстары мақұлданын.

2. "Тұлпар Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорны үшін Контракты күшінде болатын келісімді мерзім ішінде Контракте белгіленген Тұлпар жобасына арналған экономикалық, салықтық және құқықтық тұрақтылық режимі белгіленсін әрі оған қолдау көрсетілсін.

3. "Мобил Ойл Тұлпар Инк" бірлескен кәсіпорнына шетелдік қатысушы үшін бірлескен кәсіпорын құрылған кездегі нысанда немесе құқық иеленуші нысанында Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы ретінде іс атқаратын мерзімнің өн бойында бірлескен кәсіпорын қызметіне арналған экономикалық, салықтық және құқықтық тұрақтылық режимі белгіленсін және оған қолдау көрсетілсін.

4. "Тұлпар Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорны Контракте қол қойылған сәттен бастап, Контракт шарттарына сәйкес валюталық түсімін міндетті түрде сатудан және (немесе өтімді етуден босатылсын.

5. "Тұлпар Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорны Контракте көзделген кез келген салығы мен төлемдерін АҚШ долларымен төлейтін болып міндеттелсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

